

«АБАЙДЫ БІЛМЕК ПАРЫЗ» - 2013

Жоғарғы оқу орындары студенттерінің ғылыми конференциясы

АБАЙДЫҢ «ЕСКЕНДІР» ПОЭМАСЫНЫҢ ШЕТ ТІЛДЕРІНЕ АУДАРЫЛУ МӘСЕЛЕСІ.

Гүлназ Даутова

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің магистранты

Абайдың «Ескендір» поэмасын орыс тілінде ең алғаш рет орыстың көрнекті ақыны Е.Винокуров, одан кейін А.Глоба аударған. Ағылшын тіліне А.Глоба нұсқасы арқылы Ольга Шартц, ал француз тіліне түпнұсқадан белгілі ақын F.Мұқанов аударды.

Түпнұсқа 42 шумақтан тұрады, орыс тіліндегі нұсқаларында осы көлем толық сақталған. Аудармашылар автор стилін, өлең ұйқасы мен мағынасын толығымен сақтауға тырысқаны көрініп тұр.

Абай жасаған Ескендір бейнесі Фирдауси, Низами, Әмір Хосрау, Жәми, Науаи, тағы басқалар жырлаған Ескендірге мүлдем ұқсамайды. Шығыс классиктері Ескендірді барынша мадақтап, оны халықтың қамқоршысы етіп көрсеткен, Абай оны талай елді зар жылатып басып алған тонаушы ретінде бейнелейді. Кейбір зерттеушілердің айтуынша "Ескендір" поэмасының сюжетін алғаш рет неміс романтикалық әдебиетінің көрнекті ғалымы болған француз Альберт фон Шамиссо Талмудтан алады. Шамиссодан В. А. Жуковский 1844 жылы аударды. [1] Мұнда А. Македонскийдің қырып-жоюы туралы жырлайды. Бұл сюжет Абайды да қызықтырады. Абай сюжетінде өзгеріс бар. Поэмада Ескендірдің аты - жөнін, әкесін, тұрған жері мен патшалығын, Ескендірдің ұстазы - Аристотельді қосады. Профессор С.Қасбасовтың зерттеуінде «Ескендір» туралы эпсаналар мен хикаяттар, қиссалар қазақ фольклоры мен жазба әдебиетінде де кездесетінін және жанр жағынан да, сюжет жағынан да әр түрлі болып келетіні туралы айтады.[5]

Абай ең алдымен оқырманынан Ескендірді біле ме екен деп сұрап алып, оның жайын өзі баяндауға кіріседі. Бұл Абайдың өз оқырмандарының немесе тыңдаушыларының ықыласын, назарын дастанда баяндалатын жайға аудару мақсатында ұстанған әдісі болса керек. Абай заманында оқырманнан тыңдарман көп болғаны белгілі. Сол себепті кейіпкерінің атын тыңдаушыға тосын естілетін Александр деп алғаннан гөрі құлақ естіп, ауыз айтып үйренген Ескендір деп таңдауы да түсінікті жағдай. Ақын жұрт назарын кейіпкерінің аты-жөніне аударып алғаннан кейін Ескендірдің Македонияны мекен еткенін, Филипп патшаның перзенті екенін, өзінің қызғаншақ адам болғанын жазады.

Енді поэманың осы бірінші шумағының орыс, ағылшын тілдеріне аударылуына тоқталайық:

Түпнұсқа:

Осы жұрт Ескендірді біле ме екен?

Македония Шаһары оған мекен.

Филипп патша баласы, ер көңілді,
Мақтан сүйгіш, қызғаншақ адам екен.[1,124]

Е.Винокуров нұсқасы:

Вот сын Филиппа Искандер,
Он Македонией владел,
Он был храбрец. Но кто мне скажет:
Где честолюбию предел?! .[2,150]

А.Глоба нұсқасы:

Помнит мир Искандера, его дела.
Македония скипетр ему дала.
Был сыном Филиппа-царя Искандер.
Мечтою о славе его жизнь была. .[1,252]

Ағылшынша нұсқасы:

What do the Kazakhs know about Iskander,
The son of Philip, King of Macedon?
Both strength' thout end courage had Iskander,
But he was vain, a vain ambitious man.

Ағылшын тілінен жолма-жол аудармасы:

Что знают казахи об Искандере,
Сын Филиппа, короля Македонского?
Обе силы без конца мужество был Искандер,
Но он был, очень, очень честолюбивый человек.

Осы үзінділердің тиісті тармақтарын өзара салыстырып, талдап көрейік. Әуелі мынаған назар аударайық: түпнұсқа шумағының бірінші тармағының мағынасы, автордың алдына қойған мақсаты, оқырмандарының немесе тыңдармандарының ықыласын, назарын өзіне аударудың әдісі ретіне қолданған баяндау құралы сақталды ма? Бұл сұрақты біз бекерге қойып отырған жоқпыз. Өйткені сөз болып отырған баяндау құралы ақынның баяндау стилінде маңызды қызмет атқарады. Өкінішке қарай, аудармашылар ақынның стиліне тән ерекшілікті білдіретін осы көркемдік құралдарды лайықты деңгейде жеткізе алмаған. Автор әдісін түсінбегендіктен ба немесе өлең ұйқасын сақтау мақсатында ма, жай ғана «Вот сын Филиппа Искандер», «Помнит мир Искандера, его дела» деп аударып қойған. Ал ағылшын нұсқасында байқайтынымыз, бірінші шумағындағы **What do the Kazakhs know about Iskander, The son of Philip, King of Macedon?** - «Осы жұрт Ескендірді біле ме екен?» дегенін аудармашы жалпы айтылған жұрт деген сөздің мағынасын түсінбей, тек қазақ халқына айтылғандай «the kazakhs» деп аударып қателескен. Жұрт деген сөзбен қазақтар дегенміздің өзінде жер мен аспандай айырмашылық бар. Аудармашы жұртты – «**people**» деп алса, дұрыс болар еді. Тағы бір байқайтынымыз, түпнұсқасы

төрт шумақ-шумақ ретінде жазылған болса, ағылшын тіліндегі аудармасы шығыс классиктерінің дәстүрі бойынша аударылған. Абайдың «Ескендір» поэмасын дәстүрге салу керек, шығыс дастандарымен салыстырсақ, дәстүрдің бұзылғанын байқаймыз. Ескендір ойдың адамы болып тұрған сияқты. Осы жерде тағы айтып кететін нәрсе Абай өз поэмасында Ескендір жайлы тарихи мәліметтер мен деректер келтіріп, оның қандай адам болғанын өз оқырманына нақты мәліметтермен жеткізуді мақсат еткен:

Түпнұсқа: Филипп өлді, Ескендір патша болды,
Жасы әрең жиырма бірге толды [1, 124].

Е.Винокуров нұсқасы: Филипп почил. И, полный сил,
Себя царем провозгласил [2, 150].

А.Глоба нұсқасы: Когда умер Филипп, Искандер вступил
в двадцать первый свой год, был в расцвете сил. [1, 252].

Ағылшын тіліндегі нұсқасы:

King Philip died. His son, then twenty-one,
Ascended to the throne and was crowned king

Подстрочник: Филипп умер. Искандер стал королем,
Свой в двадцать первый год

Е.Винокуров аудармасын түпнұсқамен салыстыратын болсақ, аудармашы поэмадағы «жасы әрең жиырма бірге толды» деген тарихи мәліметті аудармай тастап кеткенін байқаймыз. Ал А.Глоба мен ағылшын нұсқаларында бұл мәлімет аударылған.

Өлеңнің басты өлшемі –оқырманға әсері. Аударма өлеңге де қойылар басты талап-түпнұсқаның әсерін жасау. Ол әсерге аудармашының қалай қол жеткізгені – бөлек мәселе.

Сөзді көбейтіп, өлең өлшемін өзгертіп алу, сөйтіп жүргенде жырдың өзіне тән мақамынан айырылып қалу қазақ аудармасының әлі күнге арылып болмаған ауруы. Ырғақты А.Байтұрсынов қолмен қойғандай етіп әдемі түсіндіреді: «Өлеңді айтқанда сезілетін дауыс толқынының соқпа-соқпасының арасы» [3, 192].

Абай өз поэмаларында эпитеттерді пайдаланғанын көреміз. Ақын бір пайдаланған эпитетті қайта қолданбайды. Мәселен, *ер көңілді, кәпір көздің, қу өмір, жау жүрек* сияқты эпитеттердің болмысынан, олардың мағыналық-құрылымынан шығыс дәстүр жалғастығының сақталмағанын көреміз. Орыс, ағылшын тілдеріндегі аудармаларында эпитет сақтамаған, тек мазмұны ғана жеткізілген.

«Айтқысы келген сырын, танытқысы келген шындығын жан тебіренер әсерлі суретке айналдырып, қағаз бетіне көңілдегі қалпынан айнытпай түсіру үшін ең қажетті бірден-бір сөз іздеп табу-шебер суреткердің қасиетті парызы. Оның дәл осы жағдайда сөз іздер атырабының бірі-синонимия».[4,158]- дейді академик З.Қабдолов. Мұндай синоним сөздерді қолдануды «Ескендір» поэмасында да байқаймыз. Мысалы, ақын мына бір тармақтарда синоним сөздерді қатарынан қолданып, оның эмоциялық реңкін күшейте түседі.

Түпнұсқа: *Көп елді күтінбеген қырды, жойды,*

Е.Винокуров аудармасы:

Собрал он войско, и тогда
Он без особого труда
Стал опрокидывать престолы,
Жечь села, грабить города

А.Глоба аудармасында:

Увидел богатства, плады их труда
Собрал войско, повел их на их города,
Покорил много стран, царей низложил
Истребил народы, посевы, стада.

Подстрочник: беспечного народа разгромил, уничтожил,

Ағылшын нұсқасында: Much blood he shed, whole nations he wiped out

Ақынның стилінің бұзылғанын, күшейткіп айтылған синонимдік қатарының орнына аудармашыларымыз жай сөзбе-сөз аударғанын көреміз. «**қырды, жойды**» деген сөздерді орыс тілінде «разгромил, уничтожил» деп синоним сөздерін қатар қою керек еді.

Ашкөз мұрагер үшін қанішердің қолынан қаза тапқан әкесі Филипптің көзі тірісінде алдына қойған мақсаттары, әсіресе, гректер мен македониялықтарды біріктірsem деген ойы тым қораш көрініп, Александр тарапынан еш қолдау таппайды. Александрдың ойы тым әріге кеткен еді. А.Македонскийге Македония тарлық ете бастайды. Ол бүкіл әлемді, ұлттар мен ұлыстарды біріктіруді мақсат етеді. Александр енді шетсіз-шексіз әлемнің билеушісі болуды армандайды. Осы ретте Абайдың Ескендір жайлы тарихи дерек көздерімен кең түрде таныс болғандығына көзіміз жете түседі:

Түпнұсқа: Ескендір елде алмаған хан қоймады,
Алған сайын көңілі бір тоймады.
Араны барған сайын қатты ашылып,
Жердің жүзін алуға ой ойлады [1, 124].

Е.Винокуров нұсқасы:

Уже последний пал сосед, -

А все ему покоя нет!
Тогда вдруг Искандер задумал
Завоевать весь белый свет. [2, 150].

А.Глоба нұсқасы:

*Непокорных покорными сделал он,
Свои земли просторными сделал он,
Дни светлые ханов, султанов, царей
Омраченными, черными сделал он.* [1, 253].

Ағылшынша нұсқасы:

All the khanates were his, all khans deposed,
But his ambition drove him on and on
He was possessed by it, he wanted to be king
Of all the world, to rule the universe

Жолма-жол аудармасы:

Все ханства были его, все ханы низложенными,
Но его амбиция гнала его вперед и вперед
Он был одержим, он хотел быть королем
Всего мира, управлять Вселенной

Абай поэмасындағы Ескендірдің атағы зұлымдығымен, қанішерлігімен жаһанға жайылады. Жоғарыда мысал келтірілген шумақты салыстыратын болсақ, поэзия аудармасына қойылар талаптарды айтқанда алдымен ауызға алынатыны сөзбе-сөзділіктен қашу, жолма-жолдылықтан қашу, шығармашылық еркіндікке құлаш ұру сияқты талаптар есімізге түседі. Аудармашы А.Глобаның түпнұсқа мәтінінен ауытқып, еркіндікке жол бергенін байқаймыз. «Ескендір елде алмаған хан қоймады, алған сайын көңілі бір тоймады» деген жолдардың орнына «непокорных покорными сделал он, свои земли просторными сделал он» деп еркін аударса, ағылшынша нұсқасы орыс тіліндегі аудармаларына қарағанда сәтті шыққан.

Шын талант аудармашы өзге біреу сірестіріп қоятын сөзбе-сөзділіктің өзін сырлы сұлулыққа суара алады, шын талант өзге біреу жабыстырып қоятын жолма-жолдылықтың өзін жарасымды жымдастырып жібереді. Бұл орайда А.Глобаның төмендегі аудармасы нақты мысал бола алады:

Түпнұсқа:

-Мықтымын деп мақтанба ақыл білсең,
Мықты болсаң, өзіңнің нәпсіңді жең!
Іші тар көре алмастың біреуі сен,
Ондай кісі бұл жерге келмейді тең. [1, 125].

А.Глоба нұсқасы:

«Хвастовство, о царь, не пристало уму.
Предел здесь владычеству, царь, твоему.
Ты завистлив и алчен, мир тебе мал,
Не пытайся расширить его,- к чему?» [1, 253].

А.Глобаның аудармасы ақынның сөз сәйкестігінің де, бейне баламалылығының да, әуезін, екпін, ұйқас, интонация барабарлығының да үздік үлгісін жасағандығына мына жолдары орысша-қазақшасымен текшелеп қойып шыққанда көз жеткіземіз. Е.Винокуров нұсқасын оқысақ, автор ойын орыс тілді оқырмандарға дөп басып жеткізе алмағандығын, түпнұсқаның көркемдік қасиетін кеміткен.

Сонымен, «Ескендір» поэмасының сюжеттік негізі көне заманның ескерткіші Талмудтағы мысал-әңгіме екеніне көзіміз жетті. Талмудтың әңгімесінің сюжеті Батыс Европа арқылы орыс әдебиетіне, одан Абайға жеткен. Абай Жуковский өлеңін, Талмудтың өзін, сондай-ақ Македония мен Ескендірге қатысты тарихи еңбектерді творчестволық түрде пайдаланған.

Профессор С.Қасқабасовтың айтуынша «Талмуд» кітабының Агада деп аталатын бөлімінде Ескендір туралы бірнеше мысал-әңгіме бар. Сол әңгімелердің біреуі толығымен «Ескендірдің» желісіне сәйкес келеді. Олар - Ескендірдің бұлаққа кездесуі, суға салынған кепкен балықтың иісі мен дәмінің өзгеруі т.б. [5,231]

Ескендір тақырыбына қалам тербеткен Шығыс ақындарының шығармаларымен салыстырар болсақ, Абайдың осы поэмасынан Ескендірдің шынайы болмысы көрініс бергенін байқаймыз. Ол нағыз өмірдегідей даңққұмар, қатігез, ынсапсыз жан ретінде суреттелген. Тарихи деректерде Александрдың әкесінің тірі кезінде-ақ билікке ұмтылып, оның жүргізген билігі мен жасаған әрекеттеріне көңілі толмағаны жайлы деректер бар.

Абайдың «Ескендір» поэмасын зерттеу барысында келесідей қорытындыға келе аламыз: салыстырмалы-аналитикалық зерттеу нәтижесі ретінде түрлі аспектілерде қарастырылу қажет екендігі анықталды. Тәржімеде түпнұсқадағы ұйқас, ырғақ, бунақ саны сақталуы қажет; аударманың төл әдебиетке ықпалы анықталды; аударманың әдіс-тәсілдері сипатталды.

Тәржімашылар Е.Винокуров, А.Глоба, О.Шартц қазақ тілінен орыс және ағылшын тілдеріне аудару кезінде Абайдың түпнұсқасын, түпнұсқадағы көркем шындықты өзіне негізгі тірек етіп алады. Түпнұсқа көркем шындығына сай кей тұста еркіндікке де барады. Шығарма авторы мен оқырманға, түпнұсқа көркемдігі, тілі мен шығарма аударылып отырған тілге деген адалдықты таразының екі басындай тең ұстауға тырысқан аудармашылар қазақтың рухани қазынасы әлемдік әдебиеттің қорын байыта түсер туынды болуын басты назарда ұстайды. Осыған орай ұлттық ерекшеліктер мәселесіне айрықша көңіл бөледі.

Қорыта айтқанда, Абайдың «Ескендір» поэмасының орыс, ағылшын, француз тілдеріне аударылуының мәдени-әлеуметтік маңызы аса зор. Сондықтан аудармашылардың осы салада әлі қажырлы еңбек ететіне сенеміз. Тек мазмұн-мағына деңгейінде ой қозғағанның өзінде, аудармада түпнұсқа мазмұнының кейде өрескел бұрмаланатыны, кейде орынсыз өзгеріске ұшырайтыны көрініп тұр. Бұл өзгерістер мен бұрмалаулар Абайдың ақындық өнері туралы халық санасында, абайтану ғылымында қалыптасқан биік ұғымнан төмен түсініктің орын алуына себеп болуы мүмкін. Сондықтан Абайдың ақындық даналығына лайықсыз аударманың болмыс-бітімін сыншыл оймен пайымдаудың әлеуметтік, ғылыми маңызы жоғары. Әдеби шығарманың өзге тілге аударылғаннан кейінгі аударма аударма қалпындағы көркемдік сапасы мен әлеуметтік қызметі түпнұсқадан тыс бағалануға тиісті емес.

Әдебиет

1. Abai.kz
2. Абай қара сөз, поэмалар. – Алматы: Ел. –1993.
3. Абай. Избранные стихотворения.
4. Abai Kunanbayev. Selected poems. – Moscow: Progress publishers, 1970-180p
5. Байтұрсынов А. Шығармалары. А.,1989.
6. Қабдолов З. Екі томдық таңдамалы шығармалар. Т.2.- Алматы: Жазушы, 1983.- 456 б.
7. Абай тағылымы. Алматы: 231б